



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

29.06.2023 № 2-010324-23-52211

02.06.2023ж. №ДС-222

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.Д. Әлтайға

Құрметті Аманжол Дүйсенбайұлы!

Сіздің Бас прокуратурада Билікөл көлінен Ақкөл көліне су шығатын арнаға заңсыз бөгет салу фактісі бойынша шара қабылдау туралы депутаттық сауалыңыз қаралды.

Билікөл және Ақкөл көлдері Үкіметтің 21.06.2007 жылғы №521 қаулысына сәйкес Экологиялық, ғылыми және мәдени ерекше маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесіне кіреді және тек Аса өзені суының есебінен толтырылады.

Анықтама ретінде: Аса өзені Қырғыз Республикасының аумағынан басталып, Билікөл көліне, одан әрі табиғи ағыны бойынша Бөгеткөл және Ақкөл көлдеріне құйылады.

Шу-Талас бассейндік инспекциясының мәліметіне сәйкес (бұдан әрі – Инспекция) Аса өзені арқылы судың негізгі көлемі Билікөл көліне түседі, ал вегетациялық кезең басталғаннан кейін өзен суының 40% Айтақ каналы арқылы Ақкөл көліне жіберіледі.

25.04.2023 жылы Инспекция Ақкөл ауылы тұрғындарының жолданымы негізінде Билікөл көлінен Ақкөл көліне су шығатын арнаға заңсыз бөгетті орналастыру фактісі бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізді.

Тексеру барысы аталған бөгеттің құрылысын «Жуалы и К» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) Су кодексінің 125-бабының 7-тармағын бұза отырып, белгіленген тәртіппен келісілген жобасыз және Инспекцияның келісімінсіз жүргізгені анықталды.

Осыған байланысты Инспекция 27.04.2023 жылы Серіктестікке қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 360-бабының 1-бөлігі (ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді су қорғау аймақтарында және белдеулерінде заңсыз салу, сондай-ақ өзеннің табиғи арнасын заңсыз өзгерту) бойынша хаттама толтырып, Жамбыл аудандық сотына қарау үшін жіберді.

25.05.2023 жылғы соттың қаулысымен Серіктестікке бөгетті мәжбүрлі түрде бұзу жүктеліп, 108 675 теңге айыппұл түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды (қаулы заңды күшіне енді).

Сонымен қатар сот қаулысының бөгетті мәжбүрлеп бұзу туралы бөлігін орындау мақсатында Инспекция 19.06.2023 жылы Жамбыл аудандық сотына сот актісін сот орындаушыға жолдау туралы жолданымын жіберді.

Заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу туралы соттың қаулысын өзіне қатысты осы әкімшілік жаза шығарылған тұлға орындайды, ал осы әкімшілік жаза өз еркімен орындалмаған жағдайда, қаулыны уәкілетті орган атқарушылық іс жүргізу тәртібімен орындайды (ӘҚБтК-нің 911-бабы).

Сонымен қатар, Серіктестіктің бөгетті заңсыз салуына қолдау көрсеткен лауазымды адамдарды анықтау және шаралар қабылдау мәселесі бойынша Жамбыл облысының прокуратурасы облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментіне тиісті тексеру іс-шараларын ұйымдастыру туралы хат жолдағанын хабарлаймыз.

Б. Асыллов

орынд. Изимов М.Е.
тел.712990